

**«Байғанин ауданы аумағында бейбіт
жиналыстар, митингілер, шерулер,
пикеттер және демонстрациялар
өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы»
2015 жылғы 2 наурыздағы № 155
шешіміне өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілері туралы» Заңының 43-1- бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 2 наурыздағы № 155 «Байғанин ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 4246 санымен тіркелген, 2015 жылдың 2 сәуірінде аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
2015 жылғы 2 қарашадағы
№ 192 шешіміне қосымша*

№ р/с	Елді мекендердің атаулары	Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізілетін орындар
1	Қарауылкелді ауылы	Қарауылкелді ауылы Барак батыр көшесіндегі «Байғанин аудандық мәдениет үйі» Қазыналық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының алдындағы алаң
2	Жарлы ауылы	Жарлы ауылы Ардагерлер көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
3	Ноғайты ауылы	Ноғайты ауылы Орталық көшесі бойындағы ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
4	Ебейті ауылы	Ебейті ауылы Жеңіс көшесіндегі ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң
5	Алтай батыр ауылы	Алтай батыр ауылының Бұлақ көшесіндегі «Асылтас» дүкенінің ғимараты алдындағы алаң

6	Жарқамыс ауылы	Жарқамыс ауылының Орталық көшесіндегі жаңа үлгідегі модельді Жарқамыс ауылдық кітапханасы ғимаратының алдындағы алаң
7	Кемерши ауылы	Кемерши ауылы Орталық көшесіндегі «Көркем» сауда дүкенінің ғимараты алдындағы алаң
8	Оймауыт ауылы	Оймауыт ауылы Мәдениет көшесіндегі ауылдық Мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң
9	Миялы ауылы	Миялы ауылы Жем өзені көшесіндегі ауылдық клубы ғимаратының алдындағы алаң